

Байманова Л.М.

*І.Қабылов атындағы №12 ІТ мектеп-лицейінің
ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, Қызылорда қаласы*

МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІ - САПАЛЫ БІЛІМ КЕПІЛІ

XXI ғасыр – ғылым ғасыры. Сондықтан жас ұрпаққа, жас буынға жаңаша білім беру жолында түбегейлі өзгешеліктер жүріп жатыр. Жеке тұлға яғни дарынды, шығармашылық тұлға қалыптастыру білім мен тәрбие берудегі мемлекеттік істің ең маңыздысы. Мақсатты білім беру - тұлға дамуын жүзеге асыратын мәселе. Адамзат баласының өз ұрпағын оқыту тәрбиелеудегі ең озық тиімді ізденістерін, тәжірибелерін жалғастырып, тың жолдар іздеу педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен дамыту жалғаса бермек.

Халқымыздың ардақты ұлдарының бірі Міржақып Дулатұлы: «Жалғыз сүйеніш, жалғыз үміт - оқуда. Теңдікке жетсек те, жұрттығымызды сақтасақ та, дүниедегі сыбағалы орнымызды алсақ та, бір ғана оқудың арқасында аламыз. Жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз - оқу. Надан жұрттың күні - қараң, келешегі - тұман» - деп ғылым, білім, оқудың маңызын қара халыққа көрсеткен.

Білімнің сапасын көтерудің қазіргі таңда жолдары көп. Ең бастысы білімді де білікті, ұшқыр ойлы шығармашылық қабілеті мол ұстаздың шәкіртімен бірлесе еңбек етуі талап етіледі.

Білім сапасы дегеніміз – мектепте білім алып отырған шәкірттің немесе мектеп бітірушінің білім алу арқылы әзірлігінің сапасы мен білім беру қызметінің сапасын қамтитын түсінік. Сапалы білім тәрбие беруде орын алған кемшіліктерді жойып дүние жүзілік өркениеттілікке жету XXI ғасырдың үлесіне тиіп отыр. Сапалы білім беру дегеніміз - ғылымға негізделген жүйелі бағдарлама бойынша теориялық практикалық іске, еңбекке баулу дүниетанымын кеңейту. Баланың бойындағы бар қабілетін кемеліне келтіріп жетілдіру болып табылады. Сапалы білім беру - оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз үрдісі. Қазіргі кезде білім берудегі мақсат жан-жақты білімді, өмір

сүруге бейім өзіндік ой-талғамы бар адамгершілігі жоғары қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру.

Сапалы білім беру үздіксіз ізденумен тығыз байланысты. Үздіксіз іздену-бүгінгі таңда ұстаздарға қойылып отырған басты талаптардың бірі. Барлық ізденімпаз мұғалім өз сабағында жаңаны көрсетуі және танытуға қажет. Әрбір мұғалім Л.Толстойдың: «...мұғалімнің өзі неғұрлым көп оқитын болса, әр сабақты жан-жақты ойластырса және оны оқушының шама-шарқымен салыстыратын болса, онда оқушыға оқу соғұрлым жеңіл соғады» деген сөзінің мәні жойылмағанын түсіну керек. Оқушыны оқыта отырып, қабілетсіз оқушы болмайтынын, оқушылардың дара қасиеттерін танып - білуге мүмкіндігі шектеулі әдістеме барын ұстаз түсінеді және өзінің жас ұрпақ бағбаны болатындығын сезінеді.

Сондықтан, ұрпақ болашағы – ұстазға байланыстылығын түсінеді. Мұғалім алдынан бір-біріне ұқсамайтын, әрқайсысының өзіндік ерекшелігі бар мыңдаған шәкірт өтеді. «Балам деген жұрты болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын», - деп А.Байтұрсынов айтқандай бала-біздің болашағымыз. Жаңа әлем болашағын даярлайтын мұғалім атағына өз білімін табандылықпен жетілдіріп, тапсырылған іске адалдықпен, сүйіспеншілікпен қарайтын, жоғары моральдық қасиеттері бар мұғалім ғана бұған лайықты бола алады. Мұғалім қазіргі өте алғыр балалардың бойындағы дарындылықты таба алады және тұтанып тұрған отты мезгілінде үрлеп, дұрыс бағыт-бағдар беріп, талабын қанағаттандырып отыратын асқан шеберлігін жүзеге асыра білуі қажет.

Мұғалім жеке көзқарасы бар және соны қорғай білетін жігерлі тұлға болуы қажет. Зерттеушілік, ойшылдық қасиеті бар мұғалім жалтақ болмайды. Өз ісін жетік біліп, қызметін табанды жүргізетін мұғалім ғана түпкі нәтижеге қол жеткізе алады. Ондай мұғалім әрбір күніне есеп беріп отырады, азаматтық ар-ожданын үнемі қорғай алады. Мұғалім педагогтік, психологиялық білімін жетілдіріп үйренумен қатар, сол білімін күнделікті ісінде шебер пайдалана білетін болуы керек. Дүние жүзінде ғаламдану үрдісі жүріп жатқандықтан, ақпараттар ағыны көбейеді. Мұғалім қай пәннен сабақ бермесін, ол баланың

өмірдің әр саласына қатысты кез-келген сұрағына жауап беруге даяр болуы керек.

Бүгінгі таңда еліміз бен әлемде болып жатқан экономикалық-әлеуметтік дамулар білім беру саласына өзіндік ықпал тигізуде. Қазақстанның болашақ дамуына арналған «Қазақстан – 2030» бағдарламасында тәуелсіз мемлекет құруда еліміздің әрбір азаматы өзінің қоғамдағы алатын орнын саналы түсінуі және ел экономикасын бүгінгі сұранысына жауап бере алатын тәрбие, білім алуы қажеттілігіне баса назар аударылған. Келешек ұрпаққа білім берудің міндеттері мен мәні, мазмұны мен түрлері жан-жақты қайта жаңартылып, инновациялық білім негізінде жаңа сапаға жету міндеті көзделуде. Білім мазмұнын анықтауда, толықтыруда, оқу-әдістемелік тұрғыда жаңалауда педагогикалық жолмен дидактикалық міндеттерді белгілеуге тірек болады. Алдыңғы қатарлы педагогикалық іс-тәжірибеде шәкірттердің жалпы білімдік біліктілігі және дағдысымен қатар креативтіліктің де қалыптасуына назар аударуды қажет етеді.

Жас ұрпақтың саналы да сапалы білім алуының бірден-бір шарты - мұғалімнің жаңашыл болуы. Себебі, еліміздің болашағы бүгінгі жас ұрпақтың білім деңгейімен өлшенеді. Сондықтан сабақты жаңаша құрып, инновациялық түрлі тәсілдерін, педагогикалық білімдерді жетілдіре отырып, оны дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу әрбір ұстаздың міндеті болуы керек. Жаңару жолындағы Қазақстанға жаңаша ойлайтын, өмірге көзқарасы тың, ақыл-ой және шығармашылық әлеуметі қалыптасқан, рухани-адамгершілік мәдениеті жоғары шығармашыл ұстаз қажет. Қазіргі қоғамдағы мұғалім - шығармашылық дамуға, ұшқыр ойлауға қабілетті, мемлекеттің даму бағыттарын терең түсінетін маман бола алатын, мақсат қойып және жемісті еңбек нәтижесіне ұмтылатын тұлға. Ең алдымен, мұғалім - адамгершілігі өте жоғары адам.

Заман талабына сай қазіргі педагог педагогикалық, психологиялық ғылымның озат идеялары мен ғылыми теорияларын өз іс-тәжірибесінде сыннан өткізіп, талдап, оны тәжірибелік тұрғыда қолданып, әр күн сайын толықтырып

отырумен де ерекшеленеді. Біртұтас педагогикалық үрдістегі креативтілікті дамыту, біріншіден, педагогикалық идеяларды жүзеге асырудан басталады. Озат тәжірибелерді зерттеп, жинақтаудың кез келген түрінде жетістікке жету тікелей педагогтың ғылыми теориялық білімдарлығы мен шығармашылығына байланысты. Сонымен қатар оқушылардың мектеп бағдарламасындағы материалдардың негізгі бөлімдердің толық көлемде игеріп, әрбір тақырыпты, өзгелерге түсіндіре білу, өз ойын жеткізе білу, яғни сөйлеу мәдениетінің жоғары болуының маңызы зор.

Атақты Аристотель сөйленер сөздің үш элементтен құралатынына - яғни шешеннің өзі, ол тілге тиек етер негізгі нысан және тыңдаушылар екенінен ерекше мән берді. Бүгінгі таңда шешен ретінде - мұғалім, тыңдаушы ретінде - оқушы, ал тілге тиек етер нысан - пәндік бағдарлама, оқулық мазмұны болмақ. Шынында да оқытудың сан алуан құралдары ішінде оқулықтың орны ерекше. Оны мектептегі білім-тәрбие беру қызметінің бірегей педагогикалық, әрі оқыту, әрі оқу құралы деп түсінеміз.

Мұғалімнің кәсіби шеберлілігі алған білімнің көптігінен емес, сол білімді практикада қолдана алуымен маңызды. Мұғалімнің басты мақсаты тұлғаның жеке дамуына негізделген, жан-жақты зерттеліп, сараланған білім беру үлгісінің басын бағыттарын айқындау, нәтижесінде еліміздің өркениеті негізделген білім саясатының стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыру.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті - ұлттық және адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде адамдарды қалыптастыруға және кәсіби шеберлігін шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдай жасау: жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық, ғаламдық, коммуникациялық желілерге шығу» деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделеді.

Қазіргі инновациялық технологиялар - білім сапасын арттырудың кепілі. Оны өз дәрежесінде пайдалану - оқушыны шығармашылыққа төселдіруге ықпалы өте зор. Оқытудың тиімділігін арттыру үшін өз сабақтарымда жаңа

технологияларды қолданамын. Жаңа технологиялардың ерекшелігі - оның оқушыға жан-жақты ықпал етуі. Яғни тек білімді немесе оқу бағдарламасын меңгертіп қоймай, жеке тұлғаның танымдық қабілеттерін, танымдық процестерін (есту, көру), өзін-өзі өзектендіру, бекіту, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру, белсенді сөздік қорын дамытуға, өз бетімен білім алуға, ізденуге деген ықыласы мен іскерлігін, оқу-танымдық ынтасын жетілдіру, әрі жеке тұлғаны жан-жақты дамытуға жетелейді.

Заман талабына сай әрбір ұстаз сабақтарында оқушылардың біліктілігін арттыру үшін оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін кеңінен пайдалану керек деп ойлаймын. Өз біліктілігін көтеру мақсатында әрбір мұғалім кәсіби шеберлігін шыңдап, білімін жетілдіріп отыруы керек. Сонда ғана өзін-өзі дамыта алатын, өзін-өзі жетілдіре алатын қоғамның белсенді, білімді жеке тұлғасын қалыптастыра алады.

Бәсекеге қабілетті ұрпақ дайындау білім бағдарламасының негізгі мәселесі болып отыр. Ең басты нәрсе - жеке тұлғаның қабілетін ашу. Жеке тұлғаны жан-жақты дамыту арқылы олардың бойынан адамгершілікті, ізгілікті, дүние танымды, белсенділікті, қабілетті тұлғаны, жоғары мәдениеттілікті көре аламыз.

Сондықтан мұғалім жаңашыл, жан-жақты болу керек. Дарынды ұстаз К.Д.Ушинский: «Қызығушылығын туғызбайтын оқу бірте-бірте оқушының білімге деген құмарлығын жояды, ал тек қызығушылыққа негізделген оқу оқушының еркін, күш-жігерін тәрбиелемесе мәнін жояды» деген екен. Олай болса мұғалім өз сабағының жоғарғы мәнінде оқушының қызығушылығын оятатын, әсерлі болуын қадағалап отыруды қажет етеді.

Еліміз мәртебесінің биік болуы қоғам мүшелерінің, келешек ел болашағы- жас ұрпақтың белсенділігі мен іскерлігіне тікелей байланысты болмақ. Ендеше саналы, салауатты, халқымыздың барлық дәстүріне де, әлем мәдениетіне де қанық ел тізгінін ұстай білетін ұрпақ тәрбиелеу ұстаздар қауымына сеніп тапсырылып отыр. Қазіргі заманғы білім беруге қойылатын басты талап - оның сапасын арттыру. Ал, берілген білім сапалы болуы үшін:

1. Мұғалім теоретик болып қана қоймай, ол баланың психологиялық ерекшеліктерін жете білуі және бейімділік қабілетін анықтай білуі керек. Білім беру процесі тәрбиемен үнемі ұштастырыла жүргізілуі тиіс.

2. Білім беру процесінде баланың іскерлік қабілетін қалыптастыру үшін ата-анамен байланыс ұдайы жүргізіліп отыруы керек. Ата-анамен кездесу барысында баланың үйде қанша уақытын және қалай сабақ оқуға арнайтынын біліп отыру және ол жөнінде ата-анамен ашық пікірлесіп отыруы қажет.

3. Мұғалім өз пәнін қызықты етуі үшін түрлі әдіс-тәсілдерді жетік меңгеруі және оларды тиімді қолдана білуі қажет.

Білім берудің мақсаты - жедел дамып келе жатқан әлем жағдайында алынған терең білімнің кәсіби дағдыларының негізінде өз бағытын еркін анықтайтын, өз мүмкіндіктерін іске асыра алатын, өзін-өзі дамыта алатын жеке тұлғаны қалыптастыру.

Жеке тұлғаны қалыптастыруда баланы оқыта отырып, оның еркіндігі мен белсенділігін қалыптастыра отырып, оның шығармашылық қабілетін аша білу-әрбір ұстаздың міндеті болып қала бермек. Мұндай бағыттағы шараларды жүзеге асыру үшін бүгінгі күн талабы - оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру қажет.

Қазіргі білім беру саласында оқытудың жаңа технологияларын зерттеп, оқып-үйреніп, оларды меңгермейінше сауатты жан-жақты маман болуы мүмкін емес.

Қазіргі заманғы оқыту технологияларына келесі талаптар қойылады:

- оқыту мақсатының нақты қойылуы мен оның ғылыми негізделуі, оқу іс-әрекетінің нәтижесінің жоғары сапалы болуы;
- оқу процесінде қарым-қатынастың еркін болуы;
- оны үнемі жетілдіріп, толықтырып отыру мүмкіндігінің болуы.

Осы орайда өз тәжірибемнің негізінде оң нәтижеге қол жеткізу үшін алдыма мынадай мақсат қойдым: дүниетанымы кең, жаңалыққа жаны құмар, ізденімпаз, шығармашылық қабілеті дамыған жеке тұлға қалыптастыру.

Осы мақсат негізінде алдыма мынадай міндеттер қойдым:

- жас ұрпақтың қабілеті мен талантын ашу;
- шығармашылық, логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру;
- өз әрекеттеріне сыни тұрғыдан қарауға баулу.

Мұғалімнің шығармашылық жұмысы алғашқы сабаққа даярлығынан басталады, яғни өтілетін сабақтың жоспарын құру, оның өткізу әдістемесін жасау, оқушылардың қабілеттері мен жас ерекшеліктерін ескере отырып, иллюстрациялық, техникалық құралдарды, дидактикалық материалдарды пайдалану.

Мұғалімнің осы шығармашылық әрекеті арқылы оқушының шығармашылық қабілеті қалыптасады. Оқушыны шығармашылық ойлауға, шапшаңдыққа, икемділікке, тапқырлыққа баулу ол мұғалімнің әр сабағында қалыптасып отыруы тиіс.

Оқушы шығармашылығы үнемі сынып ұжымы, ата-аналар тарапынан қолдау тауып отыруы тиіс. Мұғалімнің ең үлкен міндеті - шығармашылық бағыт-бағдар беріп отыруы. Шығармашылықпен айналысуы үшін жеке дара оқушы емес, сыныптың, мектептің бүкіл балалары ойласуы үшін мүмкіндік туғызу, өзара шығармашылық қарым-қатынас, шығармашылық ахуал орнату қажет.

Оқушының шығармашылық қабілеті оның ойлауы мен іс жүзіндік әрекеттері арқылы дамины. Ойлауға үйрететін сабақтарды жүргізуде, алдымен, мұғалім мен оқушы арасында ынтымақтастықты қалыптастыру қажет.

Мұғалім бұл жағдайда дайын білімді түсіндіріп қоюшы, бақылаушы, бағалаушы емес, танымдық іс-әрекетін ұйымдастыратын ұжымдық істердің ұйтқысы болуы тиіс.

Оқушылардың пәнге қызығушылығы:

1. Жақсы ұйымдастырылғын сабаққа байланысты. Әр сабақ алдыңғы сабақты қайталамайтындай етіп ұйымдастырылуы керек, яғни әдіс-тәсілдерді түрлендіріп отыру қажет.

2. Сабақта мәселелік жағдай туғызып отыруға да байланысты. Мәселенің шешімін табу арқылы оқушылардың ойлау қабілеті нығайып, кез келген

мәселені шешуге үйренеді.

3. Сыныпта тек жақсы оқитын оқушылармен жұмыс істеп қана қоймай, барлық баланың дамуына қолайлы жағдай туғызып, қабілеті жеткен жерге дейін еңбек етуінің ойластырылуына да байланысты.

Оқушыны оқыта отырып, қабілетсіз оқушы болмайтынын, оқушылардың дара қасиеттерін аша білуге болатынын жаңашыл ұстаз түсінеді және өзінің жас ұрпақ бағбаны болатындығын сезінеді.

Дүние жүзінде ғаламдану үрдісі жүріп жатқандықтан, ақпараттар ағыны көбейеді. Мұғалім қай пәннен сабақ бермесін, ол баланың өмірдің әр саласына қатысты кез келген сұрағына жауап беруге даяр болуы керек.

Жаңа әлемдегі әрбір мұғалімнің алдында білім негіздерін өз бетінше оқып үйренуге оқушыны баулу міндеті тұр. Өзінің оқушысын өз бетінше білім алуға үйретпеген мұғалім түпкі нәтижеге қол жеткізе алмайды. Жан жақты даму үшін балаға мұғалім ғана көмектесе алады.

Мұғалім оқу мен тәрбие егіз екенін еш уақытта естен шығармағаны жөн, тәрбиенің нәтижесінде ғана сапалы білімге қол жеткізуге болады. «Адамға ең бірінші білім емес, рухани тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім - адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі», - дейді ұлы ғұлама Әл-Фараби. Оқу мен тәрбиені қатар алып жүретін әр мұғалімнің құзіреттілігі біліміне, практикалық іс-тәжірибесіне, жеке басының қасиетіне, оқу-тәрбие үрдісі мен шығармашылықтағы ізгі іс-әрекеттеріне байланысты. Ал, оқушының құзіреттілігін жеткізетін - мұғалім. Сол себепті, мұғалімнің кәсіби құзіреттілігі бірінші орында болуы керек. Кәсіби құзіреттілігі жоғары мұғалім:

- Педагогика-психологиялық білімі терең болуы;
- әр түрлі педагогикалық ситуацияларды шеше алуы;
- Мемлекет тарапынан келетін нормативтік құжаттарды білуі шарт.

Жаңа әлем болашағын даярлайтын жаңашыл ұстаз атану үшін, әрбір мұғалім өз білімін ұдайы, табандылықпен жетілдіріп отырып, тапсырылған іске жоғары жауапкершілікпен, сүйіспеншілікпен қарап, өз мәдениетін және педагогтік, психологиялық білімін жетілдірумен қатар, сол білімін күнделікті

ісінде шебер пайдалана білуі керек.

Ойымды қорыта келе, білім беру сапасын арттыру үшін әр мұғалім өзінің кәсіби құзіреттілігін арттыруы керек деген ұсынысым бар.

Қолданылған әдебиеттер:

1. «Қазақстан-2030» Стратегиясы - ел дамуының 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған стратегиялық бағдарламасы.